- Вмикайте адаптер лише у джерело перемінного струму (~). Перед увімкненням переконайтеся, що адаптер розрахований на напругу, що використовується у мережі.
- Перед увімкненням адаптера у мережу переконайтеся, що штекер вставлений у відповідне гніздо приладу.
- **Будь-яке помилкове увімкнення позбавляє Вас права на гарантійне обслуговування.**
- Після закінчення зарядження акумулятора завжди відключайте адаптер від мережі і від гнізда для зарядки на приладі.
- Не можна переносити адаптер, тримаючи його за шнур живлення. Забороняється також відключати адаптер від мережі, тримаючи його за шнур живлення. При відключенні адаптера від мережі тримайтеся за корпус адаптера, не торкаючись штирів, що проводять електрострум.
- Щоб зберегти гарантію та уникнути технічних проблем, не намагайтеся розбирати та ремонтувати прилад самостійно. Ремонт мають здійснювати лише кваліфіковані спеціалісти сервісного центру.
- Для ремонту приладу можуть використовуватися лише оригінальні запасні частини.

ТЕХНІЧНІ ХАРАКТЕРИСТИКИ

PVCS 1101 HandStickPRO –пилосос побутовий електричний торгівельної марки POLARIS

Об'єм контейнера для збору пилу: 0,6 л

Джерело живлення: акумуляторна батарея Li-Ion 2500 мА/год 25,2 В

Час зарядження АКБ: при першому використанні 8-10 годин, потім до 4 годин

Тривалість роботи від АКБ: від 9 до 60 хв, в залежності від обраного режиму і конфігурації

Зарядний пристрій: PAD 1101 HandStickPRO

Характеристики зарядного пристрою:

Вхідна напруга: 100-240 В

Частота: 50/60 Гц

Вихідна напруга: 30 В

Вихідний струм: 0,6 А

Клас захисту – II

Примітка: Внаслідок постійного процесу внесення змін та вдосконалень між інструкцією і виробом можуть спостерігатися певні розбіжності. Виробник сподівається, що користувач зверне на це увагу.

ІНФОРМАЦІЯ ПРО СЕРТИФІКАЦІЮ

Конструкція приладу відповідає вимогам ТР ТС 004/2011 «Про безпеку низьковольтного обладнання», а також ТР ТС 020/2011 «Електромагнітна сумісність технічних засобів».



Розрахунковий строк служби виробу: 3 роки

Гарантійний строк на побутовий насос: 10 років

Гарантійний строк на пилосос: 24 місяці від дня покупки

Дата виготовлення: вказана на шильдику приладу

Гарантійний строк на АКБ: 6 місяців від дня покупки

Виробник:

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛІМІТЕД

Блок 1801, 18 / F, Джубілі Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг

Unit 1801, 18 / F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Імпортёр та Уповноважений представник виробника в РФ і країнах-членах Митного Союзу:

ТОВ "Поларіс Інт", 105005, м.Москва, 2-а Бауманська вул., Б.7, стор.5, ком.26

Телефон єдиної довідкової служби: 8-800-700-11-78

ГАРАНТІЙНЕ ЗОБОВ'ЯЗАННЯ

Виріб: Пилосос побутовий електричний

Модель: PVCS 1101 HandStickPRO

Ця гарантія діє впродовж 24 місяці від дати придбання виробу та передбачає гарантійне обслуговування виробу у разі виявлення дефектів, пов'язаних з матеріалами та роботою. Ця гарантія діє у разі дотримання таких умов:

1. Гарантійне зобов'язання розповсюджується на усі моделі під торговою маркою POLARIS у країнах, де надається гарантійне обслуговування (незалежно від місця покупки).
2. Виріб купується виключно для особистих побутових потреб. Виріб повинен використовуватися відповідно до інструкції з експлуатації та з дотриманням правил та вимог безпеки.
3. Зобов'язки виробника відповідно до цієї гарантії виконують продавці – уповноважені дилери виробника та офіційні центри з обслуговування - (сервіс) центри. Ця гарантія не розповсюджується на вироби, придбані у не уповноважених виробником продавців, котрі самостійно несуть відповідальність перед споживачем згідно з російським законодавством.
4. Ця гарантія не розповсюджується на дефекти та зовнішні зміни приладу, що виникли у результаті:
 - Хімічного, механічного та іншого впливу, попадання сторонніх предметів, рідин, комах та продуктів їх життєдіяльності всередину виробу;
 - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням правил та вимог техніки безпеки;
 - Нормальної експлуатації, а також природнього зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
 - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
 - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами*;
 - Самостійного розбирання виробу, не передбаченого інструкцією з експлуатації, а також будь-якого іншого стороннього втручання у його конструкцію.
5. Ця гарантія діє за умови пред'явлення оригіналу цього гарантійного талона, оригіналу товарного чека, виданого продавцем, та виробу, у якому виявлено дефекти.
6. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

З усіх питань гарантійного обслуговування виробів POLARIS звертайтеся до вашого місцевого офіційного продавця POLARIS.

У разі виявлення несправностей обладнання необхідно негайно зв'язатися із сервісним центром.

*Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: www.polar.ru

Постачальник не несе жодної відповідальності за збитки, пов'язані з пошкодженням виробу під час транспортування, внаслідок некоректного використання, а також у зв'язку із модифікацією або самостійним ремонтом виробу.

Портативті тұрмыстық шаңсорғыш
POLARIS
Үлгісі PVCS 1101 HandStickPRO

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Мазмұны

Жалпы мәлімет	46
Құрылғының пайдалану аясы	46
Құрылғының сипаттамасы	46
Құрылғының жиынтықтылығы	48
Құрылғыны қаптама қорабынан шығарып алу және пайдалану үшін дайындау	48
Құрылғыны пайдалану	51
Құрылғыны тазалау және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар	54
Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелері	60
Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелері	60
Құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері	60
Пайдалануға жарамсыз құрылғыны кәдеге жарату жөніндегі талаптар	60
Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері	60
Шаңсорғышпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар	62
Электр құралдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар	63
Құрылғының техникалық сипаттамалары	64
Сертификаттау жөніндегі ақпарат	65
Кепілдік міндеттеме	66

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ


Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі PVCS 1101 HandStickPRO, POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын, тұрмыстық электрлік шаңсорғыш (бұдан әрі мәтін бойынша – шаңсорғыш, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрастырылыммен, сонымен қатар құрылғыны сақтау мен пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

Бұл шаңсорғышты тек тұрмыстық мақсатта осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес үй тұрмыс жағдайында ғана пайдалануға арналған. Бұл шаңсорғышты өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады. Сондай-ақ, шаңсорғышты бөлмежайдан тысқары жерде, сонымен қатар ылғалдығы жоғары және ауа температурасы +15°C -тан төмен жылытылмайтын мекенжайларда пайдалануға мүлдем болмайды. Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Бұл шаңсорғыш кафель, паркет, линолеум сияқты еденнің тегіс бетін, сондай-ақ кілемдер мен жиһаз жабындарынан құрғақ шаң-тозан мен ұсақ қоқысты сору жолымен құрғақ тазалауды іске асырады.



1. Еденге арналған электрлі қылшақ
2. Еденге арналған электрлі қылшақты бекітуге арналған батырмасы
3. Шаң-тозаң тарту түтігі
4. Түтікті бекітуге арналған батырмасы
5. Алынбалы Li-ion батареясы
6. Батареяны ажырату батырмасы
7. Шаңсорғышты және еденге арналған электрлі қылшақты сөндіру/іске қосу батырмасы
8. Жұмыс режимдерін I/II/III ауыстырып қосатын батырмасы
9. HEPA- сүзгі орнатылған қақпақ
10. Шаңжинағыш контейнерін ажырату батырмасы
11. Саңылаулы саптамасы
12. Шағын-қылшақ

13. Қабырғалық тіреуіш, саптамалар ұстағышы

14. Зарядтау құрылғысы

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

1. Шаңсорғыш (негізгі корпусы) -1 дана.
2. Алынбалы аккумуляторлық Li-ion батареясы- 1 дана.
3. Еденге арналған электрлі қылшақ -1 дана.
4. Зарядтау құрылғысы (адаптер)-1 дана.
5. Қабырғалық бекіткіш, саптамалардың ұстағышы- 1 дана.
6. Саңылаулы саптама - 1 дана.
7. Шағын-қылшақ- 1 дана.
8. Түтік- 1 дана.
9. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық- 1 дана.
10. Кепілдік талон-1 дана.


ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚАПТАМА ҚОРАБЫНАН ШЫҒАРЫП АЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ДАЙЫНДАУ

- Құрылғының қаптама қорабын ашып, шаңсорғышты абайлап шығарып алыңыз, содан кейін оның орайтын барлық материалдарын оның ішінен және сыртынан алып тастаңыз.
- Шаңсорғыштың сыртқы корпусынан барлық жарнамаға қатысты жапсырмаларды алып тастаңыз.
- Құрылғының жиынтықтылығына кіретін барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын қарап тексеріп шығыңыз, олардың барлығы бар болғанына көз жеткізіңіз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (Құрылғының жиынтықтылығы) тарауын қарап шығыңыз.
- Құрылғының қаптама қорабынан шаңсорғыштың барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын және адептерін шығарып алыңыз.
- Шаңсорғыштың жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық құрамдас бөлшектері мен керек-жарақтарын қарап тексеріп шығыңыз, олардың барлығы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.

Шаңсорғышты құрастырып жинау:


Назар аударыңыз! Шаңсорғыштың тораптары пластиктен жасалған және бір-бірлеріне мұқият келістірілген. Шаңсорғыштың бөлшектері орнатылатын қондырмалы орындарына/бөліктеріне зақым келтірмеу үшін және бекіткіштерін бүлдірмеу үшін шаңсорғыштың бөлшектерін құрастырып жинаған кезде шамадан тыс күш салмаңыз. Шаңсорғышта әрбір бөлшектің қондырмалы орнына/саңылауына/орнатылатын бөлікке дұрыс орнатылуын және берік түрде бекіткіштердің сарт еткізіп бекітілуін қадағалаңыз.

1. Аккумуляторлық батареяны шаңсорғыштағы батарея бөліміне (егер ол орнатылмаған болса) орнату қажет. Батареяны суретте көрсетілгендей бағыттауыштары бойымен шаңсорғыштағы батарея бөліміне, шертпек секілді сарт еткен дыбысы естілмейінше орнатыңыз:




2. Еденді тазалауға арналған электрлі қылшақ:

Еденге арналған электрлі қылшақтың жалғағыш құбырын шаңсорғыштағы негізгі түтіктің саңылауына, олардың қада-байланыстары дәл ұяшыққа орналасатындай етіп қондырып салыңыз да, және шертпек секілді сарт еткен дыбысы естілмейінше қысып басыңыз.




Шаңсорғыштың негізгі түтігіне шаң сорғы келте құбырын жалғастырып орнатыңыз.



3. Шаңсорғыштың керек-жарақтар жиынтығын пайдалану

Керек-жарақтарын тура шаңсорғыштың шаң сорғы келте құбыры орнатылған негізгі түтігіне немесе шаң сорғы келте құбырына орнатыңыз.



ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ

Еденді және кілемді шаңнан тазалау

- Батареяның қуатталғанына, адаптердің электр желісінен және құралдан ажыратылғанына, шаңжинағыш контейнері мен сүзгілері шаңнан тазаланғанына көз жеткізіңіз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ») тарауын қарап шығыңыз. Егер шаңжинағыш контейнері мен сүзгілер шаң мен қоқыспен бітелген болса шаңсорғышты пайдаланбаңыз, бұл шаңсорғыштың істен шығуына әкелуі мүмкін немесе шаңсорғыш зақымдалуы мүмкін.
- Қажет болған жағдайда жоғарыдағы тарауының 1-2 немесе 1-3 тармағында қарастырылған нұсқамаларын қолдана отырып, сәйкесінше қадамдарын орындаңыз.
- Шаңсорғышты іске қосу үшін оның корпусындағы іске қосу/сөндіру батырмасын басыңыз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ) тарауын қарап шығыңыз.
- Құрылғы үш жұмыс режиміне ие:
 - I (жұмыс режимі барысында шаңсорғышта сорғызудың жылдамдығы мен сорғызудың қуаттылығы төмендейді және құрал ұзақ уақыт бойы жұмыс істейді. Шаңсорғышты іске қосқан кезде, бұл жұмыс режимі әдепкі қалпы бойынша іске қосылады);
 - II (бұл жұмыс режимі барысында шаңсорғышта сорғызудың жылдамдығы мен сорғызудың қуаттылығы, сондай-ақ жұмыс ұзақтығы да орташа болады);
 - III (бұл жұмыс режимі барысында шаңсорғышта сорғызудың жылдамдығы мен сорғызудың қуаттылығы, сондай-ақ жұмыс ұзақтығы да жоғары болады).

II немесе III жұмыс режимін таңдау үшін, шаңсорғышты іске қосқаннан кейін, жұмыс режимдерін ауыстырып қосатын батырмасын бірнеше рет басып, қажетті санын теріп, ең тиімді режимін таңдап алыңыз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ) тарауын қарап шығыңыз.

Батареяның қуаттандыруын үнемдеу үшін I жұмыс режимін пайдалануға кеңес беріледі.

Тазалаудың тиімділігі жеткіліксіз болған жағдайда (қатты ластанған аумақты тазалау үшін) келесі жұмыс режимін таңдауға кеңес беріледі.


- Электрлі қылшақ оның айналма қылшағындағы білікшенің көмегімен еден мен кілемнен тұрмыстық қоқысты жинауға арналған. Оның құрылымы ұзын шаш, жүнді, жіп секілді заттарды жинау үшін өнша үйлеспейді. Егер оның ішінде бітелу анықталса, құралды пайдалануды тоқтатыңыз және оның қылшықты білікшесін тазалау бойынша барлық шарттарын қолданып, тазалауды орындаңыз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ») тарауын қарап шығыңыз.
- Шаңсорғышты сөндіру үшін оның іске қосу/сөндіру батырмасын қайтадан басыңыз.

Жиһаз жабындарын тазалау

- Батареяның қуатталғанына, адаптердің электр желісінен және құралдан ажыратылғанына, шаңжинағыш контейнері мен сүзгілері шаңнан тазаланғанына көз жеткізіңіз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ») тарауын қарап шығыңыз. Егер шаңжинағыш контейнері мен сүзгілер шаң мен қоқыспен бітелген болса шаңсорғышты пайдаланбаңыз, бұл шаңсорғыштың істен шығуына әкелуі мүмкін немесе шаңсорғыш зақымдануы мүмкін.
- Шаңсорғыштағы шаң сорғы келте құбырына қосымша керек-жарақты қондырып салыңыз. Шағын-қылшақ жиһаз жабындарын тазалау үшін мінсіз сәйкес келеді, ал саңылаулы саптама - әрең жететін кез-келген бұрыштар мен үстілерін тазалауға мүмкіндік береді.
- Шаңсорғышты іске қосу үшін оның корпусындағы іске қосу/сөндіру батырмасын басыңыз.
- Қажет болған кезде құрылғыдағы тазалау режимін өзгертіңіз (тазалау режимін өзгерту туралы жоғарыдағы тарауында келтірілген сипаттамаларын қараңыз).
- Шаңсорғышты сөндіру үшін оның корпусындағы іске қосу/сөндіру батырмасын басыңыз.

Шаңсорғыштың жұмыс үдерісі кезінде оның моторы өздігінен тоқтап сөніп қалса, аккумуляторлық батареяны (АКБ-ны) зарядтаңыз және шаңжинағыш контейнері мен сүзгілерін шаң-тозаң мен қоқыстан тазалау қажет.

Шаңсорғыштың қосымша саптамаларын қабырғалық тіреуіштегі арнайы бөлімінде (саптамаларды бекітуге арналған саптамалар ұстағышында орнатып) сақтауға болады. Шаңсорғыштың қосымша керек-жарақтары қабырғалық тіреуіштегі саптамалар ұстағышында арнайы тіректерге қондырылу керек. Қабырғалық тіреуішті суретте көрсетілгендей қабырғаға құрастырып орнатыңыз да, бекітіңіз.



АКБ-ны ҚУАТТАНДЫРУ

Назар аударыңыз!

Шаңсорғыштың жеткізілім жиынтығына кіретін аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы толығымен таусылуы мүмкін. Шаңсорғышты алғашқы рет қолданар алдында, оның аккумуляторлық батареясының қуаттандыруын алдын ала толығымен отырғызу керек, содан кейін аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы толықтай отырған кезде ғана оны толығымен зарядтау керек.

Аккумуляторлық батареяны ауа температурасы 5°C градустан төмен және 40°C градустан жоғары температурада зарядтауға және сақтауға тыйым салынады.

Құрылғының адаптерін электр желісіне қоспас бұрын, адаптердің техникалық сипаттамаларында көрсетілген техникалық параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («Құрылғының техникалық сипаттамалары») тарауын қарап шығыңыз.


Шаңсорғышты алғашқы рет қолданар алдында, аккумулятордың қуатталуына кем дегенде 8-10 сағат керек болуы мүмкін.

Содан кейін, шаңсорғышты келесі жолы пайдаланғанда аккумуляторды толықтай қуаттандыру үшін 4 сағат жеткілікті болады.

Құрылғы АБК-ның жақын арада зарядсыздануы болатыны туралы сигнал берген кезде ғана АКБ-ны қуаттандыруға кеңес беріледі (батареяның корпусындағы қуаттандыру индикаторының шамы қызыл түспен жанады).

Аккумуляторлық батареясы толығымен зарядталғанша, оның қуаттандыру үдерісінің үзіліп қалуына жол бермеңіз. Бұл АКБ-ның қызмет ету мерзімін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Аккумулятордың қуаттандыруы тек құрылғының жеткізілім жиынтығына кіретін адаптері арқылы жүзеге асады. Аккумуляторды қуаттандыру алдында, аккумулятор құрылғыға орнатылуы немесе құрылғыдан ажыратылып алынуы мүмкін.



1. Адаптердің істікшесін батареяның корпусында орналасқан істікшелі ағытпасына (ұяшығына) кіргізіп жалғастырыңыз.
2. Адаптердің ашасын электр желісіне жалғастырып қосыңыз. АКБ зарядының қуаттандыру индикаторының шамы қызыл түспен жанады. Батареядағы қуаттандыру индикаторының сигналдық жарқырауы, бұл қуаттандыру үдерісінің басталғанын білдіреді. Аккумуляторлық батарея толғымен қуатталған кезде АКБ зарядының қуаттандыру индикаторының шамы жасыл түспен жанып тұрады.
3. Аккумуляторлық батареяны шаңсорғыштан ажыратып бөлек қуаттандыруға болады.

Назар аударыңыз! Адаптер қуатталу үдерісі кезінде сәл қызуы мүмкін - бұл қалыпты жағдай. Адаптердің қуаттандыруы қосылған кезде құрылғы іске қосылмайды.

АКБ-НЫ АУЫСТЫРУ

Шаңсорғыштың бұл моделінде алынбалы аккумуляторлық батарея қолданылады.

Батареяны алу қажет болса, электр желісінен ажыратылған құрылғыда батареяны ажырату батырмасын басыңыз да, оны бағыттауыштары бойымен төмен қарай итеріп, ұяшықтан шығарып алыңыз.

Назар аударыңыз: Құрылғының жұмыс үдерісі кезінде, сондай-ақ аккумуляторды қуаттандыру барысында, батареяны ажыратып алуға/орнатуға қатан тыйым салынады!

Уақыт өте келе аккумуляторлық батареяның сыйымдылығы азаяды және құрылғының үздіксіз жұмыс жасау ұзақтығы (уақытысы) қысқарады – бұл қалыпты нәрсе.

Техникалық диагностика, яғни ақауларды іздестіру немесе батареяны ауыстыру қажет болса авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтарына хабарласыңыз (сервистік) қызмет көрсету орталықтарының тізімі құрылғының жеткізілім жиынтығына кіреді, сондай-ақ www.polar.ru сайтында қолжетімді).

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ


1. Шаңсорғышты сөндіріп, оның электр желілік баусымның айырын электрлік желісінен ажыратыңыз, содан кейін адаптердің істікшесін (егер ол жалғанып қосылған болса) құрылғыдан ажыратып алыңыз.
2. Құрылғыны және оның зарядтау құрылғысын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды.
3. Шаңсорғышты немесе оның бөлшектері мен керек-жарақтарын тазалау үшін абразивті заттары бар жуғыш не тазартқыш құралдарын және органикалық ерітінділерді пайдалануға тыйым салынады.
4. Шаңсорғыштың металл бөліктерін таза, құрғақ мата сулықпен сүртіп тазалаңыз.
5. Шаңсорғыштың пластик бөліктерін суланған, сәл дымқыл, жақсылап сығылған мата сулықпен сүртіңіз. Құрылғының сыртқы корпусында су тамшылары қалмауы тиіс.
6. Шаңсорғыш құрғақ, салқын жерде сақталуы тиіс.

Шаңжинағыш контейнерін тазалау

Шаңжинағыш контейнері мен сүзгілерді тазалау жұмыстары құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін жүргізілуі керек.

Егер шаңжинағыш контейнері мен сүзгілер шаң мен қоқыспен бітелген болса шаңсорғышты пайдаланбаңыз, бұл шаңсорғыштың істен шығуына әкелуі мүмкін немесе шаңсорғыш зақымдалуы мүмкін.

1. Шаңсорғышты сөндіріп, оның электр желілік баусымның айырын электрлік желісінен ажыратыңыз. Адаптердің ашасы электр желісінен және оның істікшесі құрылғының істікшелі ағытпасынан (ұяшығынан) ажыратылуы қажет.
2. Шаңсорғыштың электрлі қылшағын бекітуге арналған батырмасын басыңыз. Электрлі қылшақты түтіктен ажыратып алыңыз. Шаңсорғыштың керек-жарақтарын бекітуге арналған батырмасын басыңыз. Түтікті шаң сорғы келте құбырынан ажыратып алыңыз.



3. Шаңсорғышты тұтқасынан ұстай, шаңжинағыштың төменгі қақпағын төмен қарата қоқыс жәшігінің үстінен ұстап тұрып, шаңжинағыш контейнерінің төменгі қақпағын ашуға арналған бекіткіш ілмегін ағытып қақпағын ашыңыз да, оны сәл қағып-сілкіп шаң-тозан мен қоқыстан босатыңыз. Шаңжинағыш контейнердің қақпағын жабыңыз.
4. Шаңсорғышты тұтқасынан ұстай, шаңжинағыш контейнерін төмен қарата ұстап тұрыңыз. Құрылғыдағы шаңжинағыш контейнерін ажыратуға арналған бекіткіш пернесін батыра басыңыз да, контейнерді сағат тілі бағытымен шағын бұрышта төмен қарай бұрап, оны абайлықпен шаңсорғыштан ажыратып алыңыз.
5. Қақпақты жоғары қарай тартып, оны HEPA – сүзгісімен бірге ажыратып алыңыз. Циклондық сүзгісін сағат тілі бағытымен шағын бұрышта (төмен қарай) бұраңыз, оны шешіп алу үшін 1-суретте көрсетілгендей орындаңыз. Содан кейін, екіншілікті циклондық жүйенің түтігін тазалау және жуу үшін шаңсорғыштың түтігін төмен қарай тартып, шешіп алыңыз. Сүзгіні қақпақтан бөліп ажыратып алу үшін, HEPA сүзгісін (сүзгі жинағын) 2-суретте көрсетілген бағытта бұраңыз да, оны қақпақтан ажыратып алыңыз. Осылайша HEPA сүзгісін тазалауға немесе жууға оңай болады, 3-ші суретті қараңыз. HEPA– сүзгінің ішкі қуысындағы шаңды сілкіп қағып тастау үшін, бұл сүзгіні оның төменгі

шетжақпен тегіс металл емес бетке сәл ғана тықылдатып соғу қажет.

Сүзгілерді ағын салқын судың астында, ешбір жуғыш не тазартқыш құралдарын қолданбай, жақсылап жуып-шайып тазалаңыз және бөлме температурасында кептіріңіз.


HEPA сүзгінің ішкі қуысына ерекше назар аударыңыз.

Циклондық сүзгінің пластмассадан жасалған корпусын жуып-шайып тазалау үшін жұмсақ қылшықты затты - қылшақты (құрылғының жеткізілім жиынтығына кірмейді) қолдануға болады, бірақ жуғыш не тазартқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Құрылғының HEPA– сүзгісін және сүзгілеу жүйесінің элементтерін мұқият қарап шығыңыз, олардың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Сүзгінің немесе сүзгілеу жүйесіндегі элементтерінің бүлінуі, зақымдалуы, үзілуі немесе деформациялануы және басқа да ақаулықтар анықталған жағдайда, ондай бүлінген элементтерін басқа жаңа түпнұсқаулық біреуіне ауыстырыңыз.

Назар аударыңыз: Шаңсорғышты сүзгісіз, сондай-ақ дымқыл немесе бүлінген сүзгімен пайдалануға тыйым салынады.

Сүзгілеу жүйесінің элементтерін жуып-шайып тазалаған соң немесе жуып кептіргеннен кейін жинаңыз. Сүзгілеу жүйесінің жиналуы кері реттілікпен орындалады.



6. HEPA сүзгісінің жиналуы жоғарыда аталған қадамдарына сәйкес тура сол жолмен кері реттілікпен орындалады.

Назар аударыңыз! Сүзгіні орнатқан кезде шамадан тыс күш салмаңыз, әйтпесе оның

бекіткіш дөңестері (шығыңқы жерлері) және сүзгілеу элементі бүлінуі мүмкін.

Сүзгіні қайтадан өз орнына, яғни қақпақтағы сүзгіге арналған бөлігіне орнатыңыз.


Ескертпе: Әр тазалау үдерісін жүргізгеннен кейін, яғни шаңсорғышты әр пайдаланғаннан кейін HEPA сүзгісін тазартуға ұмытпаңыз. Бұл сүзгі жоғарыда келтірілген тәсілмен тазалануға тиіс.

Сүзгіні ауыстыру қажет болса, оны басқа жаңа түпнұсқаулық біреуіне ауыстырыңыз (сүзгіге тапсырыс беру авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтары арқылы жүзеге асырылады).

Электрлі қылшақты тазалау

Электрлі қылшақ әрбір тазалау жұмыстары жүргізілген соң, яғни шаңсорғышты әр пайдаланғаннан кейін тазалануға тиіс. Қылшықты білікшенің қатты бітелуіне жол бермеңіз.

1. Шаңсорғышты сөндіріп, оның электр желілік баусымның айырын электрлік желісінен ажыратыңыз. Адаптердің ашасы электр желісінен және оның істікшесі құрылғының істікшелі ағытпасынан (ұяшығынан) ажыратылуы қажет.
2. Шаңсорғыштың электрлі қылшағын бекітуге арналған батырмасын басу арқылы оны түтіктен ажыратып алыңыз.
3. Қылшықты білікшеге шаш пен жіптің аз мөлшері оралса, білікшені корпустаң шешпей-ақ, оны өткір пышақпен немесе қайшы көмегімен оралған жіп пен шаштан босатуға болады. Ол үшін өткір пышақты қылшықты білікшеге кесу жүзімен сырт қарата қылшықтардың арасында орналастырыңыз, білікше бойымен оралған шаш пен жіпті кесіңіз. Қылшықты білікшеге оралған шаш пен жіпті кескен соң, шаш қиындылары қылшақтың корпусынан сыртқа қарай оңай шығады, сондай-ақ шаш қиындыларын оңай алып тастау үшін, қылшықты білікшені өз осі бойымен қолмен айналдыруға болады.
4. Егер қылшықты білікше қатты бітелсе, қылшақтың төменгі беткі қабатындағы ойымша ілмегін дөңгелекшеге қарай басып, ойымша ілмегін жоғары қарай тартып ағытыңыз да, қылшықты білікшені қылшақ корпусынан шығарып алыңыз. Қылшықты білікше қылшақтың корпусынан шығарылған соң, оны қайшымен немесе өткір пышақтың көмегімен оралған жіп пен шаштан босатуға болады.



5. Қылшықты білікшені өз орнына, қылшақтың корпусына орнатыңыз. Қылшақ корпусына қылшықты білікшенің орнатылуы кері реттілікпен орындалады.
6. Қылшақ бөлшектері мен электр жетегі қатты бітелсе, құралды бөлшектеу мен тазарту үшін авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз, (шаңсорғыш бөлшектерін тазартумен байланысты жұмыстар кепілдік қызмет көрсетуіне қатысты шарттарына кірмейді).

ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Шаңсорғыштың электр желілік баусымның айыры электрлік желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
2. Шаңсорғышты және оның бөлшектері мен керек-жарақтарын тазалаңыз.
3. Шаңсорғышты әбден құрғатып сүртіп алыңыз және шаңсорғыштың құрғақ, салқын жерде сақталуын тексеріңіз.
4. Шаңсорғышты ұзақ уақыт бойы сақтау кезінде пайдаланбаған жағдайда аккумуляторлық батареяның күйін үнемі тексеріп отырыңыз, қажет болған кезде батареяны оның қуаттандару қажеттілігіне қарай зарядтаңыз.
5. Егер шаңсорғыш ұзақ уақыт қолданылмаса, АҚБ-ны әрбір 3 ай сайын зарядтауға кеңес беріледі, бірақ батареяның қуаттандыруын алдын ала толығымен отырғызу керек, ол үшін шаңсорғыш барынша мүмкін уақытқа іске қосылуы керек.
6. Электр құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және 5°C-тан кем емес, салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Электр құрылғылардың тасымалдануы, жүк тасымалданатын нақты бір көлік түрінде әрекет ететін, жүктерді көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық түріндегі құралдарымен жүзеге асырылады. Құрылғыны тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық ораманы және қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Электр құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінуден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессиялық орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін, яғни жоғарыда аталған әсерлердің тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауға қажет.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАУАР РЕТІНДЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелер белгіленген емес.

ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Бұл кестеде құралды пайдалану барысында туындауы мүмкін, кең таралған мәселелер көрсетілген. Егер өздігіңізден ақауды жоя алмасаңыз, тұтынушыларды қолдау орталығына немесе авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ақаудың пайда болуы	Ақаудың пайда болу себептері	Ақауларды жою тәсілдері
Шаңсорғыш іске қосылмайды.	АКБ-ның қуаттандыруы толығымен таусылып отырған (зарядсыздануы).	АКБ-ның қуатталуын тексеріңіз, қажет болса зарядтаңыз.
Құрылғы зарядталмайды.	Адаптер элект желіге қосылмаған. Адаптер шаңсорғыштың жеткізілім жиынтығына кірмейді.	Адаптерді элект желіге қосыңыз. Адаптердің бұл құрылғыға тиесілі екенін, яғни осы құралдың моделіне сай келетінін тексеріңіз.
Сору қуаттылығы жеткіліксіз немесе жұмыс барысында бәсеңдейді.	1. Шаңжинағыш контейнерінің, сүзгінің немесе саптаманың бітелуі.	1. Шаңжинағыш контейнерін сүртіп тазалаңыз. Сүзгілерін жуып-шайып тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Саптаманы қарап тексеріңіз, бітелу себебін жою қажет болса тазартыңыз.
Жұмыс барысында электрлі тоқтан айырылу байқалады және саптаманың корпусына шаң жиналады.	Бөлмежайдағы ауаның төмен ылғалдығы салдарынан статикалық электр пайда болды.	Бөлмежайдағы ауаны ылғалдандыру бойынша шараларды орындаңыз. Статикалық зарядтан арылу үшін жиі түрде саптаманы металл заттарға жақындатыңыз.
Жұмыс барысында құрал кенеттен сөнеді.	1. Мотордың қызуы салдарынан қорғаныс құрылғысы іске қосылды. 2. Аккумулятордың қуаттандыруы толығымен таусылып отырған (АКБ зарядының қуаттандыру индикаторының шамы қызыл түспен жанады).	Қызып кетудің мүмкін себептерін жойыңыз (шаңжинағыш контейнерінің, сүзгінің және саптаманың бітелуі). Құрылғыны қайтадан іске қосар алдында, ол суығанша, кем дегенде 30 минут уақыт күте тұрыңыз.
		Аккумуляторлық батареяның қуатталуын тексеріңіз, қажет болса зарядтаңыз.
Құралдың жұмысы барысында электрлі қылшақ кенеттен тоқтап қалады.	Электрлі қылшақ шаш, жіп, жүн және т.б. қоқыс заттармен бітеліп қалды.	Электрлі қылшақтың қылшықты білікшесін тазалаңыз. Тазартылған білікше айналмаса сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ШАҢСОРҒЫШПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Шаңсорғыштың жұмысы барысында, оны жұмыс жасап тұрған қыздыру құралдары мен өзге де қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және басқа да электрлік құралдардан алыс қашықтықта орналастырыңыз.
- Шаңсорғыштың жұмысы кезінде, тазаланатын бөлмежайдың еденінде жұмыс жасап тұрған қыздырғыш аспаптары мен өзге де қыздыру не жылу шығаратын көздерін және басқа да электрлік құралдарды және олардың электр желілік баусымдарын орналастырып қалдырмаңыз.
- Шаңсорғышты шаңжинағыш контейнерсіз, сүзгілерсіз, яғни қандай да бір сүзгі болмаған жағдайда пайдалануға тыйым салынады, бұл бұйымдар осы пайдалану жөніндегі **Нұсқаулықтың** ережелері мен талаптарына сәйкес құрылғыға дұрыс орнатылуы тиіс және де, бұл бұйымдардың тұрмыстық қажеттілігіне сәйкес тағайындалған күтім мен тазарту ретінде көрсетілетін қызметтердің түрлері лайықты түрде көрсетілуі тиіс.
- Жұмыс барысындағы үзіліс кезінде шаңсорғышты тік қалпында еденде қалдырмаңыз, әйтпесе бұл оның құлауына және корпусының пластик бөлшектерінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Қысқа уақытқа ғана үзіліс жасайтын болсаңыз да, әркез құралды қабырғаға тіреп қоятын арнайы затқа-қабырғалық тіреуішке орнатыңыз.
- Шаңсорғышты және оның бөлшектері мен керек-жарақтарын тазалау барысында абразивті заттары бар тазартқыш не жуғыш құралдарды және органикалық еріткіштерді ешқашан пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғышпен келесі заттар мен материалдарды жинамаңыз:
 - тез тұтанатын заттектерді: күл, көмір түйірлері, темекі тұқылы және т.б.;
 - өткір заттарды: сынған шыны, ине, кеңселік жапсырма шеге, қағаз қыстырғыш және т.б.;
 - принтер мен көшірме машиналарында қолданылатын бояу, себебі ол электр өткізгіш қоспасы болып табылады және ол сүзгіштерден толығымен жойылмайды;
 - улы және күйдіргіш заттарды, сонымен қатар жарылуға қауіпі бар заттарды;
 - асбест, немесе асбестті шаңды, сондай-ақ құрылыс қоқыстары мен қалдықтарын;
 - құрылыстық гипс-цемент- әкті шаңды;
 - дымқыл шаң мен әр түрлі ылғалды кір мен қоқыс материалдарды;
 - ірі өлшемді заттардың қалдықтары;
 - су мен кез келген басқа да сұйықтық заттарды;
 - Шаңсорғышпен адамдар мен үй жануарларды тазаламаңыз.
- Өндіруші кеңес берген керек-жарақтары мен қосалқы бөлшектерді ғана пайдаланыңыз.
- Құрылғының жұмысы барысында шаңсорғыштың ауашығарғыш, яғни ауа алмасатын желдеткіш саңылауларын жабуға тыйым салынады.
- Бұл құрылғы, оның жеткізілім жиынтықтығына кіретін тек түпнұсқалық АҚБ мен және зарядтау құрылғымен жұмыс жасау үшін арналған. Құрылғыны электрмен қоректендіру мен зарядтау үшін өзге бөгде құрылғыларды пайдалану, бұл құралдың бұзылуына не бүлінуіне (зақымдалуына) әкеп соғуы мүмкін.
- Құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін, құрылғыны және оның шаңжинағыш контейнерін, сүзгілерін жуып-шайып, сүртіп тазалаңыз.
- Егер шаңсорғыш ұзақ уақыт қолданылмаса, АҚБ-ны әрбір 3 ай сайын зарядтауға кеңес беріледі, бірақ батареяның қуаттандыруын алдын ала толығымен отырғызу керек, ол үшін шаңсорғыш барынша мүмкін уақытқа іске қосылуы керек.

ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Бұл шаңсорғыш электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс
- Бұл шаңсорғыш тек қана үй тұрмыс жағдайында, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Шаңсорғышты коммерциялық мақсатта жоғары жұмыс қарқындылығында ұзақ уақыт бойы пайдалану, бұл құрылғының шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, сонымен бірге бұл құрылғыны шамадан артық ауыр жүктемеде қолдану, бұл оның жұмыс істеу мерзімін азайтып, істен шығуына немесе зақымдалуына әкеледі, сондай-ақ, пайдаланушының өміріне төнетін қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін немесе оның айналасындағы адамдардың денсаулығына нұқсан келтіруіне әкелуі мүмкін.
- Құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс
- Әр жолы құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Бұл құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрылғы еденге не жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын, оны білікті маманға көрсету қажет, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеріп шығуы тиіс.
- Егер Сіз құрылғының жұмыс жасау мүмкіндігіне және жұмыс қабілеттілігі жөнінде күмәндансаңыз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, дене қабілеттігі шектеулі, сенсорлық қабілеттілігі төмен, яғни сезімдік не болмаса ақыл-ой деңгейі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану үшін білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Құрылғыны және адаптерді бақылаусыз қалдырмаңыз! Оларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Бұл құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында, сонымен қатар ылғалдығы жоғары бөлмежайларда пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни оның зақымдалуына әкелетін себептерін болдырмайтындай етіп сақталуы керек (ешбір жағдайда құрылғыны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды). Электрмен қоректендіру адаптерін ылғалды қолмен электр желіге қоспаңыз (дымқыл қолыңызбен оны ұстамаңыз).

- Аккумуляторды (АКБ) қуаттандыру үшін шаңсорғыштың осы үлгісінің жиынтығына кіретін зарядтау құрылғыны (адаптерді) ғана пайдаланыңыз. Бұл адаптерді өзге мақсатта қолданбаңыз.
- Адаптердің және оның электрмен қоректендіретін баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, адаптердің ашасын электр желіге не ашалы розеткаға қосуға тайым салынады. Адаптерді ауыстыру (жөндеу) қажет болса, авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. **Адаптерді бөлшектемеңіз!**
- Аккумуляторлық батареясының қуаттандыруы толығымен таусылып отырмағанша аккумуляторды зарядтауға кеңес берілмейді, оның алдымен зарядсыздануы керек.
- Аккумуляторды қуаттандыру үшін, алдымен адаптердің істікшесін шаңсорғыштың корпусында орналасқан істікшелі ағытпасына (ұяшығына) кіргізіп жалғастырыңыз, содан кейін - адаптердің ашасын электр розеткаға жалғастырыңыз. Аккумулятор қуатталып болғаннан кейін адаптерді электр желіге қосулы күйінде қалдырмаңыз.
- Адаптерді тек ауыспалы тоқ көзіне ғана (~) қосыңыз. Адаптерді тоқ көзіне қоспас бұрын, оның техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Адаптердің ашасын электр желіге қоспас бұрын, оның істікшесі құралдың сәйкес істікшелі ағытпасына (ұяшығына) жалғанып орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Аккумулятордың қуаттандыруы аяқталған соң, адаптердің ашасын әрдайым электр желісінен және адаптердің істікшесін құрылғының корпусында орналасқан істікшелі ағытпасынан (ұяшықтан) ажыратыңыз.
- Адаптерді электр желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, адаптерді оның электр желілік баусымнан ұстап, электрлік желісінен ажыратуға тыйым салынады. Адаптерді электр желіден ажырату барысында адаптердің корпусынан ұстаңыз, тоқ жүретін істіктерге қол тигізбеңіз.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін бұл электрлік құрылғыны өз бегіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Құрылғыны жөндеу жұмыстарын тек техникалық білікті мамандарының санатына жататын қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ғана жүзеге асыруы тиіс.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді ғана пайдалануға қажет.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PVCS 1101 HandStickPRO– POLARIS сауда таңбасымен шығарылған тұрмыстық электрлік шаңсорғыш

Шаңжинағыш контейнердің көлемі: 0,6 л

Қоректендіру көзі: аккумуляторлық батарея Li-Ion 2500 мАч 25,2 В

АКБ-ны зарядтау уақытысы: алғашқы рет пайдаланған жағдайда 8-10 сағ., содан кейін 4 сағ.дейін

АКБ-ны пайдалану арқылы жұмыс уақытысы: Таңдалған режим мен конфигурацияға байланысты 9-дан 60 минутқа дейін

Зарядтайтын құрылғысы: PAD 1101 HandStickPRO

Зарядтау құрылғының сипаттамасы:

Кіріс кернеуі: 100-240 В

Жиілігі: 50/60 Гц

Шығыс кернеуі: 30 В

Шығыс тоғы: 0,6 А

Қорғаныс жіктелімі – II

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

БҰЛ ӨНІМ Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растау рәсімдерінен өтті және осы техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды, сонымен бірге Кеден Одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес таңбаланған.

Сәйкестік Сертификатының тіркеу нөмірі/ сәйкестік туралы декларациясы жөнінде, сонымен бірге сертификаттың және декларациясының қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді POLARIS бұйымды сатып алған жерде, яғни Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңыздан немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен алуыңызға болады



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл.

Инверторлық сорғы үшін кепілдік мерзімі: 10 жыл

Кепілдік мерзімі: 24 ай сатып алған күннен бастап санағанда.

Бұйымның өнделіп шығарылған күні: құрылғының техникалық төлқұжатты тақтайшасында көрсетілген.

АКБ-ға берілетін кепілдік мерзімі: 6 ай сатып алған күннен бастап санағанда.

Өндіруші:

POLARIS CORPORATION LIMITED - POLARIS CORPORATION LIMITED

Блок 1801, 18 / F, Мерейтойлық орталық, 46 Gloucester Road, Ванчай, Гонконг

Unit 1801, 18 / F, мерейтойлық орталық, 46 Gloucester Road, Wanchai, Гонконг

Ресей Федерация мен Кеден Одағына мүше мемлекеттерде өндірушінің импорттаушысы және уәкілетті өкілі:

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: Тұрмыстық электрлік шаңсорғыш **Үлгісі:** PVCS 1101 HandStickPRO

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 24 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымның кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға беруден кейін, келесі жәйттердің нәтижесінде туындаған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
 - Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
4. Өндіруші төмендегі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық деректері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдардың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.
5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе

ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: www.polar.ru

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттары толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен орнын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өңделіп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан.